



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

ОӘК:323(821)

Шонзараева Аружан Рысбекқызы
arukina.02@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Саясаттану» мамандығының 2-курс студенті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қаленова Т.С.

ҰЛЫ АБАЙ СЫНИ САЯСИ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ТӘЖІРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Аннотация

В статье рассматриваются политические взгляды великого казахского поэта Абая Кунанбаева через его произведения. Основное внимание было уделено его политической лирике и были даны обзоры некоторым словам назидания. Статья показывает политическую жизнь времен Абая и связывает ее с сегодняшним днем.

Abstract

The article examines the political views of the great Kazakh poet Abay Kunanbayev through his works. The main focus was on its political lyrics and reviews were given to some words of edification. The article shows the political life of the times of Abai and connects it with the present day.

Қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер Абай Құнанбайұлы біздің тарихымыздың, әдебиетіміздің дара және шоқтығы биік тұлғасы, оның туындылары әлемдегі озық үлгідегі шығармалармен деңгейлес тұрғандығы – бәрімізге айқын шындық. Ұлы Абай поэзиясы сол замандағы халықтың тағдырын, ұлттық мінезін көркем образды тілмен, әсерлі жеткізілген қайталанбас қазына.

Абайдың көптеген шығармаларын, оның ішінде «Антпенен тарқайды», «Бөтен елде бар болса», «Күлембайға» өлеңдерін, «Үшінші қара сөзін» саяси лирика бағыты бойынша ерекше атап көрсетуге болады.

Біз дана Абайды көпшілік жағдайда тәрбиенің, білім мен ғылымның жыршысы ретінде қарастырамыз, ал кемеңгер тұлғаның саяси бағыттағы шығармашылығының мәнін осы күнде толық меңгере алдық па? Қаншалықты оның теориясын практикаға айналдырдық?

«...Қазақтың қайсысының бар санасы?

Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.

Пысықтықтың белгісі – арыз беру,

Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы»

-деп, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде, өз халқының санасының таяз екенін ашына жазады. Бұл жолдар Абай өмір сүрген заман халқының саяси мәдениеті төмен, саяси сауатсыз болғандығын аңғартады.

Қанша заман өзгерсе де, Абай мұрасының өзектілігі қай салада болмасын өзінің айшықты сарынын өткірлендірмесе, тыста қалған жоқ. Оның ішінде, билік пен қоғам арақатынасы, билік әлеміндегі адам мәселесі маңызды тақырыптардың бірі болып табылады.

«...Ел жамаған билер жоқ,

Ел қыдырып сандалды»

-деп, [1] билердің өз бетімен, халық қамын ойламастан әрекет жасағаны туралы жазылған. Сол кездегі биліктің өз дегенін жасауын, халықтың саяси санасының төмен болуымен байланыстыруға болады. Ал бүгінгі күнгі мемлекетіміздің саясатының ашық - айқындығы, елге есеп беріп, белгілі бір дәрежеде халық пен мемлекеттің байланысын орнату, бұл халықтың билікке деген сенімін туғызады.

Қазіргі кезде халық пен билік арасындағы көпір берік орнықса, өз арасында халықтың берекесі мен ынтымағы бекіп, әлем елдерімен тереземіз тең тұратын еңсесі биік ел боламыз. Бұлай болмаған жағдайда, Абай атқандай:

«...Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?
Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Берекесі кеткен ел-
Суы ашылған батпақ көл.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол бір шөл».

-дегендей, діңгегі анық емес, айқын емес бір елге айналамыз. Үкімет пен елдің арасын бір арнаға тоғыстыру, халықтың саяси біліміне, билікке деген құрметіне, яғни бір сөзбен айтқанда, саяси мәдениет деңгейін көтеруге байланысты.

Данышпан Абай бесінші қара сөзінде: «қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен» - деп, деп сол кездегі қазақ ұлтының рухани даму мәселесін сынай отырып, сол заман халқының қара басының қамын ойлап, бірлік үшін, ынтымақ үшін күреспей, тек материалдық байлыққа бола бірін – бірі мақтап, алдап күнелткенін жазады. Бүгінгі күні де біз одан аулақ болып, халықты елді көркейту, бәсекеге қабілетті болу мақсатында, мемлекет мүддесін көздеп, бірге болғанымыз абзал. Осы ретте, Ұлы ақын жиырма төртінші сөзінде, «...қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен?» деп болашаққа зор үмітпен жазады.

«Үйде отырып ескенде, Бәрі шешен қақылдар» халық көбеймес үшін, елдің үкімет іске асырып жатқан істерден хабардар болып, өзекті мәселелерді бірге қабылдап, ортақ шешімге келген жөн. Ал, халық ол мәселені түсініп, екі жақты ойлап, дұрыс пікір білдіру үшін, саяси білімді болуы шарт.

Абай жиырма екінші қара сөзінде: «Билік пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ» - деп, биліктің осал тұсын жазады. Ал, қазіргі демократиялы қоғамымызда, билікті халық өзі сайлау арқылы тағайындайды. Саяси мәдениет деңгейінің бірден - бір көрсеткіші, ол электораттың сайлаудағы дауыс беру белсенділігі. Мемлекетіміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, елде кезекті және кезектен тыс барлығы жеті сайлау болып өтті. Соңғы 2019 жылғы сайлауда халықтың 77 пайызы ғана сайлауға қатысқан, бұл алдыңғы көрсеткіштермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Сондықтан да бұл мәселе алдағы уақытта жеке зерттеуді қажет етеді.

Абай Құнанбайұлы қырық бірінші сөзінде айтқандай қазаққа ақыл берем деп, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек. Оның бірі – бек зор үкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Сонымен бір толқында болатын халық та керек деп ойлаймын. Осы ретте, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын негізге алуға болады.

Жалпы мақала 3408 сөзден тұрады. Бұл мақала қазақтың ұлы ғұламасы, ағартушысы әрі ақыны Абай Құнанбайұлының 175-жылдық мерейтойына арналған. Бұл мақалада Президент «Абай» атауын 110 рет қайталады. Соның ішінде «Абай мұрасы» деген тіркес 7 рет қайталады. Абай мұрасының бүгін де өзектілігін жоғалтпағанын айта келе, тигізер пайдасы зор екенін тілге тиек етті. «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді» [2], деп Абай мұрасын айрықша дәріптейді. Сөзінің

соңын «Абай арманы – халық арманы» деп аяқтаған Президент, ел ретінде еңселеніп, мемлекет ретінде мұратқа жетуіміздің бірден-бір кілті Абай даналығында екенін жеткізді.



«Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз» деп, мемлекет басшысы «ұлт», «ел», «мемлекет», «Қазақстан» сөздерін мақалада бірнеше рет қайталаған.

№	Мақалада кездескен сөз	Қайталану жиілігі	Мысалдар
1.	«Ұлт» ұғымы	39 рет	«Ұлтымызды жаңғырту», «ұлт қалыптастыру», «ұлт болып дамуымызға...» және т.б
2.	«Ұлт» жалқылық тұрғыда, яғни белгілі тіркестермен кездесуі	8 рет	«Ұлт болмысы», «ұлттық сана», «ұлттық мұра», «ұлттық мүдде», «ұлт бірлігі».
3.	«Ел» жалпылық тұрғыда	36 рет	«Ел тарихында», «қазақ елін», «егемен ел ретінде», «бір ел, тұтас ұлт», «елдік мұратты», «еліміз, елдігіміз...» және т.б
4.	«Мемлекет» ұғымы	31 рет	«Мемлекет пен қоғам», «Мемлекет көлемінде», «Мемлекет мүддесін көздесек», «мемлекет пен билік».
5.	«Қазақстан» ұғымы	18 рет	«Қазақстан қоғамы», «Қазақстанның бренді», «Қазақстан халқын».

«БІЗ», «МЕН»ҰҒЫМДАРЫ...

Мемлекет басшысының сөздік қорында «Біз» категориясының басымдыққа ие болғанын байқауға болады. Президент 3408 сөзден тұратын аталған мақалада 25 рет «біз» деп атап көрсетеді.

№	Мақалада кездескен сөз	Қайталану жиілігі	Мысалдар
1.	«Біз»	25 рет	«Біздің міндетіміз», «Біз егемен ел ретінде», «Біз Абайдың...» «біз бүгінгі

			таңда», «біз ұлы ойшылымызды», «біздің ұлт»...
2.	«Мен»	4 рет	«Мен де қатысып», «Мен бұл мақалада», «Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам...» , «Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде...».

Қорытындылай келе, биыл Ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың Ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылады. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек екенін Президент жоғарыда аталған мақаласында айрықша баса көрсетеді. «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы», - деп Мемлекет басшысы Абай мұрасының қазақ қоғамының барлық салаларында маңызды орын алатынын атап айтты. Расымен де, Ұлы Абай мұрасы – өз заманының тұсында ғана, біз үшін тек тарих болып қана қоймайды, уақыт өткен сайын, өзектілігін жоғалтпайтын асыл әдеби мұра.

Егер біз данышпан Абай көтерген келелі мәселелерге мән бермей, Ұлы ақын сөзімен айтқанда «жүрегімізбен тындамай, құлағымызбен қармарсақ», заман өткен сайын, ол мәселе қазақ ұлты үшін, тіптен адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалады. Ұлы Кемеңгер Абай туындыларының әрбір жолы, адамзат тіршілігінің сан қилы құпияларына толы, соны терең түсіне алсақ, сол өткен заманды, халықтың талап-тілегін тағдырын тани аламыз. Оны дұрыс игерсек, өткенімізден түйгенімізден, болашағымызды бағдарлаймыз.

«...Дүние - үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын ағалар,
Артқы толқын інілер»

-деп отыз жетінші қара сөзде жазылғандай, алдыңғы толқын бабаларымыздан, Абай шығармаларынан ой – түйіп, сөздің сыртын қойып, ішін ұғып, шығарған сөздерінің құр әңгіме үшін айтылмағынын түсінетін заман жетті. Осылайша, бүгінгі күні Абай Құнанбайұлының шығармаларын тек әдеби-көркемдік жағынан емес, оның саяси мәнді қырларын да тереңнен зерттеу қажет. Әрі заманауи Қазақ қоғамындағы саяси мәселелерді Ұлы Абай мұрасымен байланыстыра қарастырып, оны тәжірбиелік жағынан ашып көрсету керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

[1] - Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең сөздің патшасы.-2008ж.

[2]-<https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>